



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 26 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ №145 (23 467)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• МӘСЕЛЕ

Міндетін атқармаған мердігердің жазасы қандай?

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылға қамқорлық – ұлтқа қамқорлық. Соңғы жылдары мемлекет билігі ауыл тұрғындарының экономикалық-әлеуметтік дамуына оң қабақпен қарап, шалғай елді мекендерде тәрбие мен білім беру, халықтың денсаулығын жақсартып, спортты дамыту, басқа да қоғамдық-көпшілік нысандар құрылысына қоғамдық қаржы бөле бастағаны қуантады. Өкініштісі, осы қаржының біраз бөлігі дер кезінде игерілмей, жоспарланған құрылыс нысаны межелі уақытында пайдалануға берілмей, бұқарада реніш, жоғары және жергілікті билікке сенімсіздік пайда болады. Мысалы, ел Президентінің екі жылда республикада 650 фельдшерлік-акушерлік пункт ашу жөніндегі тапсырмасына және Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің елімізде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту жөніндегі 2023 жылдың 30 наурызындағы бұйрығына сәйкес аталған уақыттан бастап, республикамыздың басқа аймақтарымен бірге Қарқаралы өңірінде де бірсыпыра ФАП құрылысы басталған еді.



3-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жастар үздік атанды

Республикалық Рухтастар жастар байқауында «Жастар Рухы» жастар қанатының облыстық филиалы «Үздік филиал» атанды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елордада «Аманат» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты үздік волонтерлер мен белсенділерді марапаттады. «Рухтастар» республикалық жастар сыйлығы қоғамдық қызметте белсенділік танытып, жастар саясатының дамуына қосқан үлесі үшін жыл сайын табысталады. Биыл бұл марапат үшінші рет өткізілді. Салтанатты шараға Мәжіліс депутаты, қоғам қайраткерлері және жастар көшбасшылары қатысты.

Белгілі болғандай, «Аманат» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының кезектен тыс VI съезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастар үшін үш маңызды басымдық – білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм екенін атап өтті. Сол съезде жастар қанатын трансформациялау бағдарламасы қабылданған болатын.

Биыл «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық



филиалы 200-ден астам іс-шара ұйымдастырды. Жазда 3 күн ішінде 400-ден астам белсенді қатысқан ірі экологиялық goad-эстафета ұйымдастырылып, 40 тонна қоқыс жиналды. Жастарды қолдау жөніндегі аймақтық кеңестің 6 отырысы өтті. Спорттық және шығармашылық іс-шаралар, ғылыми және дебаттық турнирлер, облыс жастарының «Еңбек. Волясақ. Даму» атты үлкен слеті ұйымдастырылды.

Айта кеткен жөн, биыл жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді. Жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Жастарға жұмыс!» атты ауқымды жәрмеңке өткізілді. Жастар қанаты құрылу кезеңінде еріктілер қозғалысынан бастап, ірі жастар ұйымына дейін қалыптасу жолынан өтті. «Жастар Рухы» мемлекеттің жастар қозғалысындағы негізгі күшке айналды. Ұйым елдің мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың бастауында болып, оның дамуына өзіндік ықпалын көрсетті.

Қазіргі таңда «Жастар Рухы» Жастар қанаты көптеген ірі әлеуметтік, экологиялық, патриоттық, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың және қайырымдылық пен игі бастамаларды жүзеге асырушы ұйым. «Жастар Рухы» Жастар қанаты – білімге ұмтылған, еңбекқор, елі мен жерін сүйетін, Отанына адал 100 мыңнан астам патриот жастардың басын біріктіретін жастар ұйымы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кешенді экологиялық шешімдер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы сәуір айынан бастап, республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алған-тын. Іргелі іс еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартуға, халықтың экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыруға және әр азаматты қоршаған ортаны қорғауға ынталандыруға көздейді. Акция еліміздің барлық өңірін қамтып, тұрақты экологиялық болашақ негізін қалады. Экология болашағы үшін миллиондарды біріктірді.



Ерканат КЕЧЕСЬБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, осы жылдың наурыз-қараша айлары аралығында ұйымдастырылған акция 5,83 млн-нан астам адамның басын біріктірді. Ауқымды шаралар аясында жаппай сенбіліктер өткізіліп, оның барысында 1,1 млн тоннадан астам қоқыс жиналған. 1,6 млн-нан астам ағаш егілген. Мемлекеттік құрылымдар деңгейінде де, еріктілер мен жеке ұйымдарды қоса алғанда, жұртшылық арасында да белсенді түрде жүйелі жұмыс жүргізілді. «Таза Қазақстан» шеңберінде заңсыз қоқыс үйінділерін

анықтау бойынша рейдтер жүргізілді. Аумақтық экология департаменттерімен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп, көптеген қоқыс орны түбегейлі жойылды.

Ал, «Таза ауа» рейдтері барысында 482 автокөлік мұқият тексеріліп, экологиялық стандарттарды бұзудың 105 фактісі анықталды. 96 жүргізушіге айыппұл мен ескерту түріндегі әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылды. Бұл шаралар экологиялық нормаларды сақтаудың маңызды екенін тағы бір дәйектеп, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін есәуір арттырды.

Жоталы жобаның ерекше

жетістігі – азаматтарға экология саласындағы түйткілер туралы хабарлауға және кез келген мәселені шешуге қатысуға мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасының құрылуы болды. Осылайша, бір жыл ішінде чат-бот арқылы 7 929 өтінім келіп түсті. Олардың ішінде 7 061 өтінім орындалды, 168-і орындалу сатысында, 23-і өңделуде және 674 өтінім жойылды. Ең жиі келіп түскен өтінімдердің сап басында аумақтарда тазалау – 2 142, тұрмыстық қоқысты шығару – 668, көшелерді абаттандыру – 648, жолдарды жөндеу бойынша – 595 өтінім легі ресми тіркелген.

3-бет

«ORTALYQ QAZAQSTAN»
GAZETINE

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

• БОКС

Бәсі биік байрақты бәсеке

Қарағанды әуесқой бокстан Қазақстан чемпионаты аяқталды. Мұндай деңгейдегі жарыс кеншілер шаһарында 2007 жылдан бері өткізілмеген.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Париждегі Олимпиадаға Қарағандыдан баратын боксшы табылмағаны алаңдатып еді. Талай данқты былғары қолғап шеберлерін дайындаған шаһар ғой бұл.

Зейнуллиновтың жұлдызы жарқырады. Ұлттық құраманың үздік боксшысы, әлем чемпионы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері Махмұд Сабырханның туған інісі Төрехан Сабырхан ересектер арасындағы ел біріншілігіне тұңғыш рет қатысты.

Қарағанды облысы Қазақстан чемпионатынан 10 медаль алды. 3 алтын, 2 күміс, 5 қола. Жерлесіміз Анита Адишева 52 келі салмақ дәрежесінде облыс қоржынына алтын салды.



Молдашев 57 келіде жеңіс тұғырынан көрінді. Қарағандылық Талғат Сырымбетов 60 келіде үздік болды. Ол ақтық сында талантты боксшы Серік Теміржановты ұтты.

• ХОККЕЙ

Үздік үштікке оралды

19-20 желтоқсанда қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы Атырауға қонаққа барып, «Бейбарыс» командасымен екі ойын өткізді.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші ойында алаң иелері шабуылға лап беріп, аз уақыт ішінде есепті ашқан еді. Бұл шайба «Сарыарқа» тактикасын күйретті десек те болады.

Екінші ойын басқаша өрбіді. «Сарыарқа» бұл жолы барынша сақ ойнады. Бірінші ойындағыдай шабуылға көшкен жоқ.

Екінші жиырма минутта да бір ойыншыға артық ойнаған еді қонақтар. Қонақтар алаң иелерінің бұл қателігін пайдалана алған жоқ.



Үшінші кезең де «Сарыарқаның» дегенімен өтіп жатты. Мұз айдындағы нүктеде өткен қарбалас сәтте қарағандылықтар шайбаны тартып алып, жақын орналасқан қарсыластың қақпасына дәл бағыттап алды.

Сурет ашық дереккөзден

• ПРЕМЬЕРА

Ертегілер әлеміндегі ерекше қойылым

Кеншілер өлкесінің театрларында жаңа жылдық қойылымдар жалғасып жатыр. Жуырда «Буратино» қуыршақ театрының студиясында театр әртісі Дарья Судостың сценарийі бойынша «Сықырлы ойыншықтардың құпиясы» ертегісінің премьерасы сахналанды.



Сурет ашық дереккөзден

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Ертегінің сюжеті бойынша, басты кейіпкер, қыз бала Эми ғажайыптарға сенбейді. Оны өзінің көп ойыншықтары да, алда келе жатқан мереке де қызықтырмайды.

Ертегіде Қар қоянды – Наталья Сидорова мен Дарья Судос, Пикачуды – Александр Гердт пен Любовь Кузнецова, өрмекші Гермюна мен қыз Эмиді – Екатерина Дмитричук пен Регина Кузнецова, көңілшек қазды Алексей Абрменков және Нина Қожахметова сомдады.

«Сықырлы ойыншықтардың құпиясы» ертегісінің сценарийі – Дарья Судостың алғашқы жұмысы. Театр ұжымы Дарияға қолдау көрсетіп, қойылымды сәтті ойнап шықты.

көрерменін баурап алды. Техника дамып, адамдар арасындағы қарым-қатынас, достық, жанашырлық сынды адамгершілік асыл қасиеттер кеміп бара жатқан тұста осындай ертегілер ауадай қажет.

Жаңа ертегіде қуыршақ театрының түрлі бағыттарын қолдандық. Атап айтсақ, қуыршақтардың өзі, проекция, көлеңке театры. Өңгіменің сюжеті өзекті тақырып. Мәселен, балалар ойыншықтарды ойнап болғаннан кейін үнемі тазалап отыруды ұмытып кетеді немесе мүлдем ұнатпайды.

Ертегі біткен соң жас көрермендер шырша басындағы ертеңгілікке шақырылады. Онда балаларды Эми ойыншық достарымен және көңілді биімен қарсы алады. Соңында Аяз ата мен Ақшақар келеді.

Ал, 2 қаңтарда сағ 12.00, 14.00 және 16.00-де, 3 қаңтар сағ 12.00 және 14.00-де, 4 қаңтарда сағ 10.00-де, 5-7 қаңтарда сағ 10.00 һәм 12.00-де сахналанады.

ORTALYQ QAZAQSTAN. Contact info, subscription details, QR code, and legal notices.